



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР

Сіздің денсаулығыңызға қамқорлықпен!

МӘМС ДЕГЕН НЕ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені

ҚОР

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) - аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым



Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру 6 қағидатқа негізделеді



МӘМС ҚАҒИДАТТАРЫ

- 1 Қазақстан Республикасының МӘМС туралы заңнамасын сақтау және орындау
- 2 Аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеудің міндеттілігі
- 3 Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігі
- 4 Көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі және сапасы
- 5 Қордың активтерін тек қана МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге пайдалану
- 6 Қор қызметіндегі жариялылық қағидаттарына негізделеді

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ

Ортақ жауапкершілік қағидаты – бұл:

- ✓ Әр адам Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытуына өз үлесін қосады
- ✓ Әр адам өз денсаулығына қамқорлықпен қарайды
- ✓ Әр адам өзгенің денсаулығына қамқорлық танытуының себепшісі болады



МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӨЛЕУШІЛЕР

1

МЕМЛЕКЕТ



2

ЖҰМЫС
БЕРУШІЛЕР

3

АЗАМАТТАР

Қызметшілер

Дара кәсіпкерлер

Жеке практикамен айналысатын адамдар

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар
бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар

Дербес төлеушілер

Жеке көмекшілер

ЖЕҢІЛДІККЕ ИЕ САНАТТАРЫ



Мемлекеттің МӘМС-ке жарналары



18 жасқа дейінгі балалар



Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар



Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер



Бала 3 ж. толғанға дейін оны тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам



Жүктілікке, босануға, жаңа туған баланы асырауға байл., бала 3 ж. дейін күтіміне байл. демалыста жүрген адамдар



Мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар



Тергеу изоляторларындағы адамдар, сондай-ақ ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жұмыс істемейтін адамдар



Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдар



«Алтын алқа», «Күміс алқамен» наградталған, «Батыр ана» атағын алған, I, II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар



Жұмыс істемейтін қандастар



Мүгедектігі бар адамдар



Орта, техн., кәсіптік, орта білімнен кейінгі, ЖББ, ЖОО кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар



Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы жұмыс істемейтіндер үшін



Зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде ҰОС ардагерлер



МЕМЛЕКЕТТІҢ 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

18 жасқа толғанға дейін мемлекет сіз үшін жарналарды төлеп отырды, сол себепті сіз МӘМС жүйесінде барлық медициналық қызметтерге қол жеткізе алдыңыз

Енді СІЗ бұл жауапкершілікті өз мойныңызға алуыңыз керек!



МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ



Балалар үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекет төлеген жарналар:

- 2021 жыл: 201 719 676 мың ТГ
- 2022 жыл: 256 311 615 мың ТГ
- 2023 жыл: 230 734 500 мың ТГ

КІМДЕ САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІН ЖОҒАЛТУ ҚАУПІ БАР?



1

18 жасқа толған мектеп оқушылары:


Мектепті аяқтау кезінде 18 жасқа толған түлектер «балалар» жеңілдік санатынан шығады



2

Оқу орындарына түспеген түлектер:


Колледжде немесе университетте оқуды жалғастырмауға бет бұрғандар



3

Ресми жұмысы жоқ жастар:

Ресми түрде жұмыс істемейтін және жарналарды өз бетімен төлемейтін түлектер



Медициналық көмектен айырылып қалмас үшін, өзіңіздің сақтандырылған мәртебесін қадағалап отыру маңызды!

ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙСІЗ?



МӘРТЕБЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРЕСІЗ?

Екінші деңгейдегі банктің
кез келген бөлімшесі

«Қазпошта» АҚ

Мобильді қосымшалар
Kaspi.kz, Halyk Bank

Касса 24, Qiwi әмиян өзіне-
өзі қызмет көрсету
терминалдары арқылы



Telegram-бот
@SaqtandyruBot

Қордың ресми сайтында:
msqory.kz

Мобильды қосымша
Qoldau 24/7

Еgov порталында
(Денсаулық сақтау ->
медициналық қызметтер туралы
және МӘМС-ке аударылған
сомалар туралы ақпарат)



ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕСІ САҚТАЛАДЫ?

Мектепті аяқтағаннан кейін МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін сақтаудың бірнеше жолдары бар

1

Күндізгі оқу бөліміне түскен жағдайда

Сіз оқып жатқанда, жеңілдік санаты сақталады

2

Ресми түрде жұмысқа орналасу

Жұмыс беруші сіз үшін аударымдар мен жарналарды аударып отырады

3

Дербес төлеуші болу

Сақтандырылған мәртебесінде қалу үшін жарналарды төлеп отыру, 1 ЕТЖ-дан 5% , немесе - 4250 теңге (2024 ж.)

4

Дара кәсіпкерлер



1,4 еселенген ЕТЖ - дан 5% төлеу, немесе 5950 теңге (2024 ж.)



ҚОРҒА ҚАЛАЙ ХАБАРЛАСАСЫЗ?

Байланыс
арналары

Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қорының ресми
сайты - <https://msqory.kz>



Мобильды қосымша
Qoldau 24/7